«Жаңа Иқан ауылдық округі әкімі

Өкім

«05» 05 2026 ж. № 21 н/п

Бір көзден алу тәсілімен
мемлекеттік сатып алуды
(тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді)
жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 5, 6-тармақтарына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506, 508-тармақтарына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. 16-баптың 3-тармағының 28 тармақшасына сәйкес Сауран ауданы, Жаңа Иқан ауылдық округіне қарасты Ибата елді мекенінде орналасқан Ерікті өрт сөндіру бекеті ғымаратына ағымдағы жөндеу жұмыстары бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.
2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Н.Кенжали
   – «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 6-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру **қағидаттарын** сақтай отырып өнім берушіні анықтау;
   – өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу;
   – шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру.
3. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидаттарын сақтау үшін жауапкершілікті өз мойнына аламын.

Негіздеме: өндірістік қажеттілік.

Ауылдық округ әкімі **Т.Абдаев**